


Идеология

- ◆ **Идеология** (*гр. идса – ой, пікір, идея + логос – сөз*) – ілім, қоғамдық сана.
- ◆ Идеология – таптың немесе қоғамдық топтастықтың ойын білдіруші, идеялық мүддесін қорғаушы деген түсінік. Қазақ совет Энциклопедиясының 4 – томында ол «*таптың, әлеуметтік топтардың мүддесін білдіретін, қоғамдық сана, философиялық, моральдық, эстетикалық және діни көзқарастар мен теориялардың жиынтығы*» деген анықтама берілген.



- ◆ Алғаш рет «идеология» деген терминді француз философы және экономисі Де Гресси (1754-1836) қолданды. Ол «*Идеологияның элементтері*» деген төрт томдық еңбек жазған. Оның пікірінше, идеология идеялар туралы ғылым, ол барлық табиғат және қоғам туралы ғылымдардың, саясат, этика және тағы басқа әлеуметтік құбылыстардың негізіне жатуға тиіс.



- ◆ Бірақ *«идеология»* деген сөздің кең тарауына себепкер болған адам — Наполеон Бонапарт. Ол либерал журналистерді, саясатшыларды *«идеологтар»* деп атап, оларды жаратылыстанумен айналысатын ғалымдарға және шынайы әрекет иесі белсенді адамдарға қарсы қойды. Француз императоры саяси сайқалдыққа тұрақсыз және алдамшы қоғамдық пікірге көп көңіл аударатын мемлекеттік қайраткерлерге жиіркенішпен келемеждеп қарайтын. Осы кезде қоғамның күнделікті өмірінен, алдында тұрған көкейтесті мәселелерден және мемлекеттің шынайы саясатына алшақ идеяларды қоштап таратушы адамдарды *«идеологтар»* деп атады.



Идеология

◆ Әлеуметтік-саяси

- Анархизм
- Консерватизм
- Либерализм
- Фашизм

◆ Топтық

- Социализм
- Коммунизм
- Капитализм

◆ Ұлттық-этникалық

- Расизм
- Нацизм
- Национализм

Әлеуметтік-саяси

- ❖ **Анархизм** (гр. *anagchia* - «бассыздық», «басқарусыздық») — адамдар арасындағы баршаға ортақ тәртіптерді мойындамайтын, жеке адамның шексіз еркіндігін уағыздайтын, мемлекеттік және басқа да биліктің түрлерін жоққа шығаратын қоғамдық-саяси ағым.
- ❖ **Консерватизм** (фр. *conservatisme*, лат. *conservo* - сақтаймын, қорғаймын) - саяси және әлеуметтік философиялық ұстаным ретінде дәстүрлі әлеуметтік институттардың сақталуын қолдайды.
- ❖ **Либерализм** (лат. *liberalis* - «еркін») — ең жоғарғы құндылық әрі басымдық ретінде жеке еркіндікті ұстанатын идеология.
- ❖ **Фашизм** [итальянша *fascismo* - одақ, буда] Билікті сакрализациялау, мемлекеттің, оның диктаторлық функцияларының қызметінің күшеюі, демократиялық еркіндіктермен күрес, адам құқының күрт шектелуі, шовинизм, расизм, экстремистік ұлтшылдық, элитаризм, әскери агрессияға талпыну сияқты қатал реакциялық тәртіп орнату және агрессиялық соғыстар жүргізу мақсатына бағытталған буржуазияның саясатын ашықтан-ашық қолдайтын террорлық диктатура.

ТОПТЫҚ

- ◆ **Социализм** (латын. socialis - қоғамдық) - әлеуметтік әділеттілік пен теңдікке негізделген, мақсаттары мен мұраттары социалистік қоғам орнатумен байланысты ілім.
- ◆ **Коммунизм**- Әлеуметтік теңдік пен мүлік ортақтығына негізделген қоғамдық-саяси құрылыс.
- ◆ **Капитализм** — жеке меншік пен нарықтық экономикаға негізделген қоғам түрпаты. Капитализм бәсеке негізінде экон. мүмкіншіліктерді капитал немесе пайда алу құралы, әдісі түрінде қолданып, іске асыратын қоғамдық-экон. құрылым ретінде қалыптасты.

ҰЛТТЫҚ-ЭТНИКАЛЫҚ

- ◆ **Расизм** (франц. *race*, итал. *razza* – топ, жануарлар немесе өсімдіктер түрі) — биологиялық, психикалық және әлеуметтік қатынастарда адамдардың теңсіздігі жөніндегі ілім.
- ◆ **Нацизм** - (лат. '**natio**' - ұлт) - 1933- 1945 жж. гитлерлік Германияның идеологиясы мен тәртібі. "Нацизм" ұғымы арийлік нәсілдің басқа ұлттар мен халықтардан артықшылығын уағыздаған Германия фашистік Национал-социалистік партиясының (НСДДАП) атауынан шықты.
- **Национализм** -ұлтшылдық идеологиясы бойынша ұлт пен ұлттық мемлекет әлеуметтік-саяси ұйымдасудың ең заңды әрі қалаулы бірліктері болып табылады және осы бойынша бүкіл әлеммен қабылдану керек. Адамдар игілікке, тұрақтылыққа, бақытқа тек ұлт құрамында, ұлттық мемлекеттерде қол жеткізеді деп түсіну қалыптасқан.

Айтылған идеологиялардан қазақ
ұлтына қайсысы тән?